

Испанияның білім беру жүйесі қандай?



Қазіргі таңда Испанияның білім жүйесі 4 деңгейден құралады:

1. «La Educación Infantil» - мектепке дейінгі білім;
2. «La Educación Secundaria Obligatoria (ESO)» - базалық деңгей;
3. «El Bachillerato Unificado y Polivalente (BUP)» – бачилерато деңгейі;
4. «La Enseñanza Universitaria» - жоғарғы білім.



Мұнымен қатар, кәсіби білім (La Formación Profesional (FP)) бар. Оны еліміздегі лицейлермен салыстыруға келеді. Кәсіби білімді базалық деңгейден кейін алуға болады. Ол негізінен екі сатыдан құралады. FP аттестастының иегерлері BUP аттестатын алған оқушылар секілді жоғарғы оқу орындарға тапсыра алады. Испанияның білім жүйесінде жоғарыда тізімделген 4 деңгейден бөлек ересектерге арналған оқу бар. Ол - "**Escuela de Adultos**" деп аталатын кешкі мектептер. Бұдан өзге арнайы тілдік курстар, сурет салу, қолөнер секілді қосымша курстар ұйымдастырылған.



Мектепке дейінгі білім (Educación Infantil)

Испанияның білім жүйесіндегі мектепке дейінгі білімді де екі сатыға бөліп қарастырамыз:

1. Escuela Infantil - 0-3 жас аралығындағы балаларға арналған балабақша.
2. Aula Infantil en colegio de primaria – 3-6 жас аралығындағы колледждегі дайындық курстар. Аталған мекемелердің мемлекетке тиесілісінде тегін, ал жекеменшіктерінде ақылы білім алуға болады.



Базалық білім (Educación básica)

Испания заңына сәйкес базалық білім міндетті болып табылады. Мектепке дейінгі білім секілді тегін және ақылай түрі бар. Испанияның базалық білім жүйесіне мемлекеттік және жекеменшік колледждерден өзге діни сауат ашуға арналған арнайы мектептер бар. Оны шіркеу қаржыландырып отырады. Испанияның білім жүйесін мемлекеттік Білім министрлігі қадағалап отырады. Методологиялық бағдарламалар, әр сыныптағы оқушылар саны, норматив, қаржы мәселесі дегендердің барлығын мемлекет ұйымдастырады. Оқушылар базалық білімді 6-14 жас аралығында алады.



- «**Educación primaria**» - алғашқы саты. Әрқайсысы 2 жылды құрайтын 3 циклге бөлінген 6-12 жас аралығындағы оқушыларға арналған: бастапқы цикл (6-8 жас), орта цикл (8-10 жас), жоғарғы цикл (10-12 жас);

- «**Educación secundaria**» - екінші саты. Оқушылар 12-16 жас аралығында базалық білімді тәмамдайды. Бағдарлама аяқталған соң, орта білім алғандығы туралы диплом алады.

Мектеп бағдарламасындағы негізгі пәндер:

жаратылыстану ғылымдары (география, дүние тану), гуманитарлық ғылымдар (тарих, қоғамтану, әдебиет, құқықтану), тілдер (испан тілі, шет тілі, автономия тілдері (валенсия, каталония, галия немесе баск)), математика, дене шынықтыру, музыка және бейнелеу өнері.

Bachillerato. Испанияның білім жүйесінде еліміздегі жоғарғы сыныптарды еске түсіретін бачилерат атты білім алу сатысы бар. Алайда ол үш курстан құралады. Бачилерато екінші курстың өзінде кәсіби білім алуға мүмкіндік береді. Алайда оны қалайтын жандар ғана оқуына болады. Бачелератоның үшінші курсына оқушы гуманитарлық немесе жаратылыстану бағытына баратындығын таңдайды. Бачелератоны аяқтар кезде тапсыратын экзамен нәтижесі ары қарай ЖОО-ға түсуіне тікелей әсер етеді. Конкурс жүйесіне сәйкес орташа балл жинап үлгерген оқушылардың ЖОО-ға түсу мүмкіншілігі жоғары болады. Бачелератода базалық сатыдан өткен, яғни 16 жастағы оқушылар оқиды.



Испанияда оқушыларға берілетін үй тапсырмасына байланысты жаппай наразылық басталды



Мыңдаған отбасы оқушыларға берілетін үй тапсырмасының шектен тыс көптігін айтып наразылық білдіруде. Испан балалары үй тапсырмасын орындауға аптасына орташа есеппен 6,5 сағатын жұмсайды екен. Бұл туралы Би-би-си хабарлайды.

Ата-аналар альянсы құрамындағы 12 мың мектептегі ата-аналар комитеттерін наразылық акциясын өткізуге шақырған. Ұйым өкілдері балалар үй тапсырмасын орындаудан гөрі ата-аналарымен көбірек уақыт өткізуі керек деп есептейді. Сондай-ақ альянс қызметкерлері Испанияда балалардың өте аз демалатынын, үй тапсырмасының оқушы үшін шектен тыс артық салмақ екенін дәлелдегісі келеді.



Акцияны ұйымдастырушылар ата-аналарды бұндай акцияны қараша айының әр жексенбісінде өткізуді ұсынды. Испан балаларының үй тапсырмасына берілген уақыты басқа мемлекеттерге қарағанда көп болғанымен жаратылыстану саласындағы пәндерден, мысалы математикадан төмен көрсеткішке ие. Ал әлем бойынша оқу үлгерімі Финляндия мен Оңтүстік Корея оқушыларында жоғары екен. Бұл мемлекеттердегі оқушылардың бір аптада үй тапсырмасына жұмсайтын уақыты үш сағаттан аспайды екен.

